

Сырдария ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 258 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 желтоқсанда № 6577 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2022 жылғы 11 тамыздағы № 158 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 11.08.2022 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырдария ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті 31 сессиясының төрағасы:

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

Б.Есназар

Е.Әжікенов

Сырдария аудандық мәслихатының
2018 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 258 шешіміне қосымша

Сырдария ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 10.04.2019 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық нормасы, текше метр
1	2	3	4

1.	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,977
2.	Жатақханалар	1 орын	0,284
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,315
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,688
5.	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,142
6.	Емханалар	1 келіп кету	0,13
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,712
8.	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,267
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,434
10.	Театрлар, концерт залдары	1 отыратын орын	0,030
11.	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,0575
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	1 орын жоба бойынша	0,725
13.	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,075
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,234
15.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,0215
16.	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,4625
17.	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базарлары, қоймалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,023
18.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,045
19.	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,526
20.	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,035

21.	Дәріханалар	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,066
22.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автомобиль жанар май құю станциясы, гараждар	1 машина-орын	0,022
23.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,025
24.	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,035
25.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,034
26.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,022
27.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,035
28.	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,045
29.	Моншалар	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,065
30.	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1000 қатысушы	0,045
31.	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,5